



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

« 16 » 06 2022 жылғы №81  
Нұр-Сұлтан қаласы

**«Оңалту орталығының,  
психологиялық-педагогикалық  
түзету кабинетінің үздік педагогі»  
байқауының I (қалалық)  
кезеңінің қорытындысы туралы**

«Оңалту орталығының, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің үздік педагогі» байқауының (бұдан әрі – Байқау) I (қалалық) кезеңінің қорытындысы бойынша Қазылар алқасы отырысының (09.06.2022 ж. №2 хаттама) шешімі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Байқау Ережесіне сай «Оңалту орталығының, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің үздік педагогі» атағына ие болған педагог пен номинациялар бойынша ең жоғарғы ұпай жинаған қатысушылар дипломмен және бағалы сыйлықтармен марапатталсын:

1) «Оңалту орталығының, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің үздік педагогі» атағының иегері – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №1 ППТК педагогы Конкулов Корман Какимжанович;

2) Арнайы педагогтердің, педагог-психологтың, ЕДШ нұсқаушысының «Үздік әдістемелік кейсі» номинациясы бойынша жеңімпаз – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №3 ППТК дефектолог мұғалімі Нургазина Макпал Омирузаковна.

2. «Оңалту орталығының, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің үздік педагогі» атағының иегері **Конкулов Корман Какимжанович** 2022 жылғы қыркүйек айында өтетін республикалық байқаудың II (межелік) кезеңіне жіберілсін және байқауға дайындалу барысында Орталықтың Инклюзивті білім беру бөлім әдіскерлері тарапынан әдістемелік көмек көрсетілсін.

3. Есеп бөлімі (Есхожина Ж.Д.) байқау жеңімпаздарына сыйлықтардың уақытылы бөлінуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С. Дауешоваға жүктелсін.

Басшы

С. Мадеев